

**Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 19 ақпан N 177

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 10/2003-э келісім-шарт бойынша қосымшаға сәйкес номенклатура мен санда Навои тау-кен комбинатына (Навои қаласы, Өзбекстан Республикасы) "Искра" Новосибирск механикалық зауыты" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы) беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 9

а қ п а н д а ғ ы

N

1 7 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 10/2003-э келісім-шарт бойынша Навои тау-кен комбинаты (Өзбекстан Республикасы, Навои қаласы) үшін "Искра" Новосибирск механикалық зауыты" (Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласы) федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны беретін жарылғыш материалдардың номенклатурасы мен саны

Р/с N	Жарылғыш материалдардың атауы	СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны Бірлік үшін бағасы АҚШ долларымен долларымен	Құны АҚШ долларымен	
1	ДШЭ-12 МЕМСТ 6 1 9 6 - 7 8 тұтандырғыш бау	360300100	мың.	1800	178,0	320400,0 м .
2	КД8МА т ұ т а н д ы р ғ ы ш капсюль , ДИШВ 773.941.008 ТУ	360300900	мың	170	117,52	19980,0 д а н а
3	ЗПБ ТУ 84-206-81 ж а н д ы р ғ ы ш патрондар	360300900	мың	5	354,0	1770,0 д а н а
4	ОШП МЕМСТ 3 4 7 0 - 8 0 от өткізгіш бау	360300100	мың	550	128,0	70400,0 м .
5	ЭЗ-ОШ-М ТУ 8 4 - 2 0 7 - 8 1 жандырғыш	360300900	мың	20	384,0	7680,0 д а н а э л е к т р
6	ЭД-ЗН ДИШВ 7 7 3 . 9 5 1 . 3 0 Т У тұтандырғыш	360300900	мың	53	532,0	28196,0 д а н а э л е к т р
7	ВП-0,8 м а г и с т р а л д ы өткізгіш Ж и ы н ы	854460100	мың	255	62,0	15810,0 д а н а 4 6 4 2 3 6 , 0

Жөнелту пункті: Пашино станциясы, Батыс-сібір темір жолы (Ресей Федерациясы).
Баратын пункті: Янги-Зарафшан және Үшқұдық станциялары, Өзбек темір жолы (Өзбекстан Республикасы).
Шекаралық өту пункттері: Локоть станциясы - Шеңгелді станциясы.